



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«ХӘЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» ҚЕАҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ



Бекітілді  
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау  
университеті "ҚЕАҚ"  
Директорлар Кеңесінің шешімімен  
Қауғаттама № 1  
«30» жьркүйек 2020 ж.

«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚЕАҚ  
Басқарма Төрағасы-ректорды іріктеу және тағайындау, Басқарма мүшелерін сайлау  
тәртібі туралы ереже

Атырау 2020 ж.



## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы "Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті" Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасын–Ректорын іріктеу және тағайындау, Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі (бұдан әрі - тәртіп) Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңына, "Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және Басқарма төрағасын сайлау (тағайындау), Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін тағайындау, басқарма мүшелерін сайлау рәсімдерін белгілейді.

## 2. БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ-РЕКТОРДЫ САЙЛАУ (ТАҒАЙЫНДАУ) ТӘРТІБІ

2.1 Басқарма Төрағасын-ректорды сайлау (тағайындау) тиісті саланың уәкілетті органы - Қоғамның Жалғыз акционерінің (бұдан әрі - уәкілетті орган) айрықша құзыретіне жатады.

Басқарма Төрағасы-ректорды сайлау (тағайындау) ашық конкурс (бұдан әрі - Конкурс) арқылы жүзеге асырылады және келесі кезеңдерді қамтиды:

- конкурс өткізу туралы шешім қабылдау;
- конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;
- Басқарма Төрағасы-ректор лауазымына үміткер тұлғалардың құжаттарын қабылдау;
- құжаттарды конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдау;
- Басқарма төрағасы-ректор лауазымына үміткер кандидаттардың құжаттарын Директорлар кеңесінің отырысында қарау;
- Басқарма Төрағасы-ректор лауазымына үміткерлердің құжаттарын Республикалық комиссия отырысында қарау;
- Басқарма Төрағасы-ректорды сайлау (тағайындау) туралы Жалғыз акционер ретінде уәкілетті органның шешім қабылдау.

2.2 Басқарма төрағасы-ректор лауазымына конкурс өткізу туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. Директорлар кеңесі оны өткізу шарттарын, күнін және орнын айқындайды.

2.3 Қоғамның Басқарма Төрағасы-ректор лауазымына конкурс өткізу туралы хабарландыру 1-қосымшаға сәйкес ресми бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ уәкілетті органның интернет-ресурсында конкурс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күн бұрын мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

2.4 Басқарма Төрағасы – ректор лауазымына кандидатураларды іріктеу кезіндегі негізгі талаптар:

- 1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы;
- 2) білім беру ұйымдарында және (немесе) тиісті салалардағы уәкілетті органдарда басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы.

2.5 Конкурсқа осы тәртіппен көзделген талаптарға сәйкес келетін, шетел азаматтарын қоса алғанда, барлық тілек білдірушілер қатысады.

2.6 Конкурсқа қатысу үшін уәкілетті органға келесі құжаттар қағаз және электрондық түрде ұсынылады:

- 1) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) 3x4 үлгідегі түрлі түсті суретпен 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;
- 4) жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы;



5) білімі туралы құжаттар мен олардың қосымшаларын салыстырып тексеру үшін көшірмелеріне қоса түпнұсқаларын ұсыну:

- "Болашақ" халықаралық стипендиясын иеленуші, сондай – ақ өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттардың қолдану аясына жататын Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтары мен зертханалары берген білім туралы құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік білім беру ұйымдарында алған білімі туралы құжаттарының көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген аталған білімі туралы құжаттарды нострификациялау немесе тану куәліктерінің көшірмелері қоса беріледі;

- "Болашақ" халықаралық стипендиясын иеленушілерге берілген білімі туралы құжаттарға "Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша оқуды аяқтау туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі;

- өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттардың қолдану аясына жататын білімі туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген аталған білімі туралы құжаттарды тану туралы анықтаманың көшірмелері қоса беріледі;

6) жұмыс орны (қолданыстағы не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарына сәйкес құжат тапсырғанға дейін алты айдан аспайтын уақытта берілген 086/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды);

8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

9) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген Наркологиялық ұйымнан анықтама;

10) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың жоқтығын растайтын құжат.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, элеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда көрсетілетін қызметті алушылар 7, 8 және 9-тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.


Конкурсқа қатысуға үміткер адамдар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өздерінің кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтер) қосымша ақпаратты бере алады.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға осы Тәртіптің 2.6 - тармағына сәйкес құжаттарды, сондай-ақ жоғары оқу орнының даму бағдарламасын (бұдан әрі-даму бағдарламасы) уәкілетті органға осы Тәртіптің 2.3-тармағында айқындалған мерзім ішінде ұсынады.

2.7 Құжаттарды тапсырған адамдарды конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешімді уәкілетті орган құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды. Уәкілетті орган конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімін барлық құжаттарымен бірге директорлар Кеңесінің Корпоративтік хатшысына жібереді.

2.8 Байқауға келесі тұлғалар жіберілмейді:

1) жиырма бес жастан кіші;

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАК	Басылым: бірінші
	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАК Басқарма Төрағасы-ректорды іріктеу және тағайындау, Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы Ереже	13 беттен 4 бет

- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған адамдар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

2.9 Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттары, сондай-ақ кандидаттар ұсынған даму бағдарламалары директорлар Кеңесінің отырысында жеті жұмыс күні ішінде қаралады.

Кандидаттың директорлар Кеңесінің отырысына қатысуы міндетті болып табылады.

2.10 Корпоративтік хатшы:

1) коммерциялық емес акционерлік қоғамның қаражаты есебінен конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялауды қамтамасыз етеді;

2) директорлар Кеңесінің отырысында қарау үшін құжаттарды дайындауды жүзеге асырады;

3) бейнеконференцбайланыс арқылы конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау бойынша директорлар Кеңесінің отырысын өткізуді қамтамасыз етеді (қажет болған жағдайда), отырыстың барысын бейнетіркеуді жүзеге асырады, бейне-жазбаны электрондық жеткізгіште сақтауды қамтамасыз етеді;

4) бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе дауыс берудің құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өзге де электрондық тәсілмен жасырын дауыс беруді өткізуді қамтамасыз етеді.

5) директорлар Кеңесі Басқарма төрағасы – ректор лауазымына ұсынған кандидаттардың тізімін қалыптастырады және оны республикалық комиссияның отырысында қарау үшін уәкілетті органға жібереді.

2.11 Директорлар Кеңесінің отырысы директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі отырысқа қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

Кандидаттың директорлар Кеңесінің отырысына қатысуы міндетті болып табылады.

2.12 Директорлар Кеңесінің отырысын Басқарма төрағасы-ректор лауазымына конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау бойынша бейнеконференцбайланыс режимінде (бұдан әрі - БКБ) өткізуге жол беріледі.

2.13 Директорлар кеңесі жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасын қарағаннан кейін жасырын дауыс беру арқылы және кемінде үштен екісінің даусымен республикалық комиссияның қарауы үшін кандидатураны (кандидатураларды) айқындайды.

2.14 Басқарма төрағасы-ректор лауазымына конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау бойынша директорлар Кеңесінің отырысы БКБ режимінде өткізілген жағдайда, дауыс берудің құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе өзге де электрондық тәсілмен дауыс беру жүзеге асырылады.


2.15 Басқарма Төрағасы-ректор лауазымына конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау нәтижелері бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда, директорлар Кеңесі оны республикалық комиссияның қарауына беру үшін ұсынылған кандидатуралардың тізімін қалыптастырады.

2.16 Егер директорлар Кеңесінің қарауына осы Тәртіппен белгіленген талаптарға сәйкес келетін екіден кем кандидаттың құжаттары ұсынылса не құжаттар (конкурстық өтінімдер) түспесе немесе кандидаттар ұсынылмаса, директорлар Кеңесі конкурсты өтпеді деп таниды және қайтадан конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

2.17 Директорлар Кеңесінің хаттамалық шешімі барлық құжаттармен бірге Республикалық комиссияға беріледі.

2.18 Республикалық комиссияның құрамын уәкілетті орган айқындайды.



 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАК	Басылым: бірінші
	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАК Басқарма Төрағасы-ректорды іріктеу және тағайындау, Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы Ереже	13 беттен 5 бет

2.19 Республикалық комиссия ұсынылған құжаттарды зерделейді және 30 күнтізбелік күн ішінде конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу өткізеді. Әңгімелесу қорытындысы бойынша ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен Басқарма төрағасы - ректор лауазымына кандидат айқындалады.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда Республикалық комиссия Басқарма Төрағасы-ректордың лауазымына сайлау жөніндегі конкурсты онлайн режимде жүзеге асырады. Республикалық комиссия конкурстың нәтижелері туралы кандидаттарға ашық дауыс бергеннен кейін хабарлайды.

Жоғары оқу орындарында және/немесе білім беруді басқару органдарында басшылық лауазымдардағы кандидаттың жұмыс өтілі, өзге тең жағдайларда, Қоғамның Басқарма Төрағасы – ректоры лауазымына кандидатты ұсыну үшін басым негіз болып табылады.

2.20 Егер әңгімелесу нәтижесінде Республикалық комиссия Басқарма төрағасы - ректор лауазымына кандидатты анықтамаса, онда директорлар Кеңесі конкурсты өтпеді деп таниды және қайтадан конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

Конкурстық комиссияның материалдары, конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушылардың құжаттары, сондай-ақ конкурстық іріктеуден өтпеген тұлғалардың қызметтік тізімі, өтініші мен құжаттары уәкілетті органның кадр қызметінде сақталады.

2.21 Республикалық комиссияның шешімі Басқарма Төрағасы – ректорды тағайындау үшін негіз болып табылады.

Басқарма Төрағасы – ректордың кандидатурасы бойынша Республикалық комиссия қабылдаған оң шешім негізінде уәкілетті орган Жалғыз акционер ретінде Басқарма төрағасы - ректорды тағайындау туралы бұйрық шығарады және онымен еңбек шартын (бұдан әрі – шарт) жасасады.

2.22 Еңбек шарты үш жыл мерзімге жасалады. Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады немесе Басқарма төрағасы – ректор лауазымына конкурс жариялау туралы шешім қабылданады.

2.23 Еңбек шартында сынақ мерзімі белгіленеді. Сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін, Басқарма Төрағасы - ректордың атқаратын лауазымына сәйкессіздігі анықталған жағдайда, Жалғыз акционер шартты Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес бұзады.

### 3. АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША БАСҚАРМА МҮШЕСІН ТАҒАЙЫНДАУ


3.1 Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін тағайындау Жалғыз акционер ретіндегі уәкілетті органның айрықша құзыретіне жатады.

3.2 Жалғыз акционер академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін, сондай-ақ оның тәртіптік жауаптылығы туралы мәселелерді қарау тәртібін дербес айқындайды.

3.3 Жалғыз акционер қабылдаған оң шешім негізінде Басқарма төрағасы-Ректор академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін тағайындау туралы бұйрық шығарады және онымен еңбек шартын жасасады.

3.4 Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесімен еңбек шарты Жалғыз акционер айқындаған мерзімге жасалады. Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады немесе бұзылады.



 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАК	Басылым: бірінші
	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАК Басқарма Төрағасы-ректорды іріктеу және тағайындау, Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы Ереже	13 беттен 6 бет

3.5 Еңбек шартында сынақ мерзімі белгіленеді. Сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін, академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесінің атқаратын лауазымына сәйкессіздігі анықталған жағдайда, еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес бұзылады.

#### **4. БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІН (БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ-РЕКТОРДЫ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША БАСҚАРМА МҮШЕСІНЕН БАСҚА) САЙЛАУ ТӘРТІБІ**

4.1 Қоғам Басқармасы мүшелерінің сандық құрамын, олардың өкілеттік мерзімін айқындау және басқарма мүшелерін (Басқарма Төрағасы-ректорды және академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және тәртіптік жауаптылыққа тарту директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне жатады.

4.2 Басқарма мүшелерін сайлау (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) ашық конкурс (бұдан әрі - Конкурс) арқылы жүзеге асырылады және келесі кезендерді қамтиды:

- конкурс өткізу туралы шешім қабылдау;
- конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;
- Басқарма мүшелері лауазымына үміткер тұлғалардың құжаттарын қабылдау (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда);
- Басқарма мүшелері лауазымына үміткер кандидаттардың құжаттарын қарау (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда), әңгімелесу өткізу және директорлар Кеңесінің отырысында сайлау туралы шешім қабылдау.

4.3 Директорлар кеңесі өз отырысында Қоғам Басқармасы мүшелерінің сандық құрамын айқындайды және Басқарма мүшелері лауазымдарына конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды, оны өткізу шарттарын, күнін және орнын айқындайды.

4.4 Қоғам Басқармасы мүшелерінің (академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымына конкурс өткізу туралы хабарландыру конкурс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күн бұрын ресми бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ уәкілетті органның интернет-ресурсында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

4.5 Басқарма мүшелерінің (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымдарына кандидатураларды іріктеу кезіндегі негізгі талаптар:

- 1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы;
- 2) тиісті салалардағы білім беру ұйымдарында және (немесе) уәкілетті органдарда басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің болуы.


Басқарма мүшесі – Бас бухгалтер лауазымына үміткерді іріктеу кезіндегі негізгі талаптар мыналар болып табылады:

- 1) кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімінің болуы;
- 2) қаржы-бухгалтерлік жұмыс саласында соңғы 5 жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда 1 жылдан кем емес жұмыс өтілінің болуы;
- 3) Кәсіби бухгалтер сертификатының болуы. *(толықтыру 2022 жылғы 28 қантар № 2 хаттама Директорлар Кеңесінің шешімімен енгізілді)*

4.6 Конкурсқа осы Тәртіпте көзделген талаптарға сәйкес келетін, шетел азаматтарын қоса алғанда, барлық тілек білдірушілер қатысады.

4.7 Конкурсқа қатысу үшін уәкілетті органға келесі құжаттар қағаз және электрондық түрде ұсынылады:



 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАК	Басылым: бірінші
	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАК Басқарма Төрағасы-ректорды іріктеу және тағайындау, Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы Ереже	13 беттен 7 бет

- 1) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) 3x4 үлгідегі түрлі түсті суретпен 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;
- 4) жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы;
- 5) білімі туралы құжаттар мен олардың қосымшаларын салыстырып тексеру үшін көшірмелеріне қоса түпнұсқаларын ұсыну:

- "Болашақ" халықаралық стипендиясын иеленуші, сондай – ақ өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттардың қолдану аясына жататын Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтары мен зертханалары берген білім туралы құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік білім беру ұйымдарында алған білімі туралы құжаттарының көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген аталған білімі туралы құжаттарды нострификациялау немесе тану куәліктерінің көшірмелері қоса беріледі;

- "Болашақ" халықаралық стипендиясын иеленушілерге берілген білімі туралы құжаттарға "Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша оқуды аяқтау туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі;

- өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттардың қолдану аясына жататын білімі туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген аталған білімі туралы құжаттарды тану туралы анықтаманың көшірмелері қоса беріледі;

б) жұмыс орны (қолданыстағы не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарына сәйкес құжат тапсырғанға дейін алты айдан аспайтын уақытта берілген 086/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды);

8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

9) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген наркологиялық ұйымнан анықтама;

10) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың жоқтығын растайтын құжат.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда көрсетілетін қызметті алушылар конкурсқа қатысушылар 7, 8 және 9-тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.

Конкурсқа қатысуға үміткер адамдар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өздерінің кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтер) қосымша ақпаратты бере алады.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар құжаттарды осы Тәртіптің 4.7-тармағына сәйкес Корпоративтік хатшыға осы Тәртіптің 4.4-тармағында айқындалған мерзім ішінде ұсынады.

4.8 Байқауға келесі тұлғалар жіберілмейді:

- 1) жиырма бес жастан кіші;



- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған адамдар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

2.9 Конкурса қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттары, сондай-ақ кандидаттар ұсынған даму бағдарламалары директорлар Кеңесінің отырысында жеті жұмыс күні ішінде каралады.

Кандидаттың директорлар Кеңесінің отырысына қатысуы міндетті болып табылады.

2.10 Корпоративтік хатшы:

- 1) коммерциялық емес акционерлік қоғамның қаражаты есебінен конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялауды қамтамасыз етеді;
- 2) директорлар Кеңесінің отырысында қарау үшін құжаттарды дайындауды жүзеге асырады;

3) бейне конференция байланысы арқылы конкурса қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау бойынша директорлар Кеңесінің отырысын өткізуді қамтамасыз етеді (қажет болған жағдайда), отырыстың барысын бейнетіркеуді жүзеге асырады, бейне-жазбаны электрондық жеткізгіште сақтауды қамтамасыз етеді;

4) бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе дауыс берудің құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өзге де электрондық тәсілмен жасырын дауыс беруді өткізуді қамтамасыз етеді.

5) Қоғам Басқармасы мүшелерінің (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымдарына директорлар Кеңесі сайлаған кандидаттардың тізімін қалыптастырады.

4.10 Директорлар Кеңесі құжаттардың осы Тәртіптің 4.5-тармағының талаптарына сәйкестігін қарайды және жеті жұмыс күні ішінде басқарма мүшелері (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымдарына үміткерлермен әңгімелесуді жүзеге асырады.

4.11 Директорлар Кеңесінің отырысы директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі отырысқа қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

Кандидаттардың директорлар Кеңесінің отырысына қатысуы міндетті болып табылады.

4.12 Директорлар Кеңесінің отырысын Басқарма мүшелері (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымына үміткер адамдардың құжаттарын қарау және олармен әңгімелесу өткізу бейне конференция байланысы режимінде (бұдан әрі - БКБ) өткізуге жол беріледі.


4.13 Кандидаттың Басқарма мүшелері (академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымына үміткер адамдардың құжаттарын қарау және олармен БКБ арқылы әңгімелесу өткізу бойынша Директорлар кеңесінің отырысына қатысу мүмкіндігі болмаған кезде әңгімелесу басқа күнге, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірілмей ауыстырылады, бұл ретте корпоративтік хатшы кандидатты қайта әңгімелесуге дейін бір күн бұрын хабардар етеді.

4.14 Директорлар кеңесі Басқарма мүшелері (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымына үміткер тұлғалардың құжаттарын қарау және олармен әңгімелесу өткізу нәтижелері бойынша жасырын дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен Басқарма мүшесі лауазымына кандидатураны айқындайды.

Жоғары оқу орындарында және/немесе білім беруді басқару органдарында басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі, өзге тең жағдайларда, Басқарма мүшесі лауазымына кандидатты айқындау үшін басым негіз болып табылады.





 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАК	Басылым: бірінші
	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАК Басқарма Төрағасы-ректорды іріктеу және тағайындау, Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы Ереже	13 беттен 9 бет

4.15 Егер директорлар Кеңесінің қарауына Басқарма мүшесі лауазымына осы Тәртіппен белгіленген талаптарға сәйкес келетін екіден кем кандидаттың құжаттары ұсынылса не құжаттар (конкурстық өтінімдер) келіп түспесе, кері қайтарылса немесе кандидаттар ұсынылмаса, директорлар Кеңесі конкурсты өтпеді деп таниды және қайтадан конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

Конкурстық комиссияның материалдары, директорлар Кеңесінің оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушылардың құжаттары, сондай-ақ конкурстық іріктеуден өтпеген тұлғалардың қызметтік тізімі, өтініші мен құжаттары корпоративтік хатшыда сақталады.


4.16 Әңгімелесу қорытындысы бойынша директорлар Кеңесі Басқарма мүшелерін (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) сайлау, олардың өкілеттік мерзімі, бірақ 3 жылдан аспайтын мерзім туралы шешім қабылдайды.

4.17 Директорлар Кеңесінің қабылданған оң шешімі негізінде Басқарма төрағасы-Ректор Басқарма мүшелерін тағайындау туралы бұйрық шығарады және олармен еңбек шарттарын жасасады.

4.18 Басқарманың әрбір мүшесімен (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесінен басқа) еңбек шарты директорлар Кеңесі айқындаған мерзімге жасалады. Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады немесе Басқарма мүшесі лауазымына конкурс жариялау туралы шешім қабылданады.

4.19 Еңбек шартында сынақ мерзімі белгіленеді. Сынақ мерзімі өткеннен кейін, Басқарма мүшесінің атқаратын лауазымына сәйкессіздігі анықталған жағдайда, еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес бұзылады.



 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАҚ	Басылым: бірінші
	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАҚ Басқарма Төрағасы-ректорды іріктеу және тағайындау, Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы Ереже	13 беттен 10 бет

Қосымша 1

**«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар Кеңесі Атырау қаласы, Студенттер даңғылы, 1 мекенжайы бойынша орналасқан «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы-ректоры бос лауазымына конкурс жариялайды.**

Қызметтің негізгі мәні жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсыну болып табылады.

Қызметтің мақсаты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу, оқыту үшін, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту және әзірлемелерді коммерцияландыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы; тиісті салалардағы білім беру ұйымдарында және (немесе) уәкілетті органдарда басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы.

Байқауға келесі тұлғалар жіберілмейді:

- 1) жиырма бес жастан кіші;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған адамдар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.


Конкурсқа қатысу үшін уәкілетті органға келесі құжаттар қағаз және электрондық түрде ұсынылады:

- 1) нысан бойынша өтініш;
- 2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) 3x4 үлгідегі түрлі түсті суретпен 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;
- 4) жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы;
- 5) білімі туралы құжаттар мен олардың қосымшаларын салыстырып тексеру үшін көшірмелеріне қоса түпнұсқаларын ұсыну
- 6) жұмыс орны (қолданыстағы не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) № 086/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды);
- 8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген Наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 10) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың жоқтығын растайтын құжат.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Байқаудың өтетін күні мен орны қосымша хабарланатын болады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментіне (каб. 643), телефон: 8 (7172) 74-27-25, 74-25-22.



 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАҚ	Басылым: бірінші
	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАҚ Басқарма Төрағасы-ректорды іріктеу және тағайындау, Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы Ереже	13 беттен 11 бет

Қосымша 2

\_\_\_\_\_ (уәкілетті орган)

Өтініш

Мені Басқарма Төрағасы-ректордың бос лауазымына орналасуға арналған конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Директорлар Кеңесінің Басқарма Төрағасы-ректор лауазымына іріктеу тәртібінің негізгі талаптарымен таныстым, олармен келісемін және орындауға міндеттеме аламын.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығына жауап беремін.

Қоса беріліп отырған құжаттар:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_


Мекен-жайы және байланыс телефоны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.



 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАҚ	Басылым: бірінші
	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАҚ Басқарма Төрағасы-ректорды іріктеу және тағайындау, Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы Ереже	13 беттен 12 бет

Қосымша 3

**ҚЫЗМЕТТІК ТІЗІМ**  
білім беру ұйымының бірінші басшысы лауазымына кандидат  
**ПОСЛУЖНОЙ СПИСОК**  
кандидата на должность первого руководителя организации образования

тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) /  
фамилия, имя, отчество (при наличии)

лауазымы/должность, санаты/категория  
(болған жағдайда/при наличии)

ФОТО  
(түрлі түсті/  
цветное, 3x4)

**ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕР / ЛИЧНЫЕ ДАННЫЕ**

1. Туған күні және жері/  
Дата и место рождения

2. Ұлты (қалауы бойынша)/  
Национальность (по желанию)

3. Оқу орнын бітірген жылы және оның атауы/  
Год окончания и наименование учебного заведения

4. Мамандығы бойынша біліктілігі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (болған жағдайда) /  
Квалификация по специальности, ученая степень, ученое звание (при наличии)

5. Шетел тілдерін білуі/  
Владение иностранными языками

6. Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары (болған жағдайда) /  
Государственные награды, почетные звания (при наличии)

7. Дипломатиялық дәрежесі, әскери, арнайы атақтары, сыныптық шені (болған жағдайда) /  
Дипломатический ранг, воинское, специальное звание, классный чин (при наличии)

8. Жаза түрі, оны тағайындау күні мен негізі (болған жағдайда)  
/Вид взыскания, дата и основания его наложения (при наличии)

9. Соңғы үш жылдағы қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау күні мен нәтижесі, егер үш жылдан кем жұмыс істеген жағдайда, нақты жұмыс істеген кезеңіндегі бағасы көрсетіледі (мемлекеттік әкімшілік қызметшілер толтырады)/

Дата и результаты ежегодной оценки эффективности деятельности за последние три года, в случае, если проработал менее трех лет, указываются оценки за фактически отработанный





период, а также, по результатам аттестации в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об образовании»

#### 10. ЕҢБЕК ЖОЛЫ/ТРУДОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Күні/Дата қызметі, жұмыс орны, мекеменің орналасқан жері/должность, место работы, местонахождение организации  
қабылданған/приема  
босатылған/увольнения

\_\_\_\_\_  
Кандидаттың қолы/  
Подпись кандидата

\_\_\_\_\_  
күні/дата